

**"Сарыкөл ауылдық округі аумағында шектеу іс шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринарлық режимін белгілеу туралы" Сарыкөл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Сарыкөл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы N 12 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 қаңтарда N 4855 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7 тармағына сәйкес Сарыкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. «Сарыкөл ауылдық округі аумағында шектеу іс шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринарлық режимін белгілеу туралы» Сарыкөл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 4688 болып тіркелген, 2014 жылғы 30 мамырда "Тұран-Қазалы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Сарыкөл ауылдық округінің Абай ауылы, "Құланбай" және "Кене" учаскелері аумағында ұсақ малдар арасында сарып ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.».

Шешімнің тақырыбы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«Сарыкөл ауылдық округі аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы».

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Сарыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы С.Қасымовқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыкөл ауылдық округінің әкімі	Ә. Дидаров
<p style="text-align: center;"><b>К Е Л І С І Л Д І :</b></p> <p style="text-align: center;">" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысы</p>	

міндетін уақытша атқарушы  
----- Н.Наурызбаев

"24" желтоқсан 2014 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ